

30 сәуір 2024 ж.



«Эйр Астана» Акционерлік қоғамы

«Эйр Астана» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «**Эйр Астана**» АҚ немесе «**Қоғам**»), атқарушы органның орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, 050039, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 4А, 30 мамыр 2024 жылы сағат 11:00-де (Алматы уақыты бойынша) Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050057, Тимирязев көшесі, 42, 10-шы корпус, Best Western Plus Atakent Park Hotel мекенжайы бойынша «Эйр Астана» АҚ-ның акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру шешімі туралы хабарлайды. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу Алматы уақыты бойынша сағат 10:00-да басталады.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңының 35-37, 39-48, 50-52-баптарына сәйкес қатысу тәртібімен өткізілетін болады.

Егер жиналыс көрсетілген күні өткізілмесе, онда ол 2024 жылғы 31 мамырға Алматы уақыты бойынша сағат 11:00-ге ауыстырылады.

Бағалы қағаздар орталық депозитарийі 2024 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша (Алматы уақыты бойынша 00:00) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінде акционерлер ретінде тіркелген акционерлердің жылдық жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар.

Тіркеу үшін қатысушыларға жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет. Акционерлердің өкілдері дауыс беру құқығымен жиналысқа қатысуға тиісті түрде ресімделген сенімхатты көрсетуі қажет.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы акционерлердің және/немесе олардың өкілдерінің, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің кейбір қызметкерлері мен барлық немесе кейбір мүшелерінің қатысуымен өткізіледі. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау дауыс беру жолымен жүзеге асырылады. Акционерлер күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қорытындылары шығарылады, содан кейін олар белгіленген тәртіппен жарияланатын болады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының ұсынылып отырған күн тәртібі:

1. Есеп комиссиясының функцияларын «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ға жүктеу туралы.
2. «Эйр Астана» АҚ-ның 2023 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
3. «Эйр Астана» АҚ-ның 2023 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «Эйр Астана» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
4. «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.

5. 2023 жылы «Эйр Астана» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты қарастыру.

6. «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесі мен атқарушы органы мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты қарастыру.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

Қоғамның акционерлері акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдармен gsm.materials@airastana.com электрондық мекенжайы бойынша немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050039, Түркістан ауданы, Закарпатская көшесі, үй 4А мекенжайы бойынша «Эйр Астана» АҚ атқарушы органының орналасқан жері бойынша сұрау мен акционердің мәртебесін растайтын құжаттарды жібере отырып, таныса алады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей акционерлердің танысуы үшін қолжетімді болады. Акционердің сұрауы бойынша күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар оған сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі. Құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.

Акционерлердің ұлттық тиесілігі туралы ақпаратты ашуы

«Эйр Астана» АҚ 2024 жылғы 29 сәуірде «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңының 74-1-бабына сәйкес (бұдан әрі - «**Авиация туралы заң**») және Қоғам Жарғысының 8.1-бабында «Эйр Астана» АҚ-ның акционерлердің Қоғамның веб-сайтында ұлттық тиесілігі туралы ақпаратты ашу туралы талабын жариялады ([сілтеме](#)).

Көрсетілген талапқа сәйкес 2024 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша Қоғамның жай акцияларын және (немесе) Қоғамның жай акцияларына қатысты құқықтарды куәландыратын жаһандық депозитарлық қолхаттарын иеленетін әрбір тұлға (бұдан әрі - «**акционер**») Қоғамға **2024 жылғы 24 мамырдан кешіктірмей** акционердің азаматтығы (инкорпорация елі) туралы, сондай-ақ көрсетілген талапқа қосымшаға сәйкес «Акционердің түпкі меншік иелері көрсетілген мәліметтер» нысаны бойынша осындай акционерге қатысты тиімді бақылауды жүзеге асыратын түпкі меншік иелерінің азаматтығы туралы (бұдан әрі - «**Ұлттық тиесілігі туралы ақпарат**») ақпаратты ұсыну керек.

Қоғам Авиация туралы заңның 74-1-бабы 4 және 5-тармақтарының және Қоғам Жарғысының 8.8 және 8.9-баптарының ережелеріне сәйкес:

1. акционер Ұлттық тиесілігі туралы ақпаратты ішінара немесе толық ұсынбаған жағдайда, мұндай акционер: (1) Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде ескерілмейтінін; және (2) Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қаралатын мәселелерді дауыс беруге және (немесе) талқылауға қатысуға құқығы жоқтығын;
2. дәйексіздігі Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдағаннан кейін анықталатын дәйексіз ақпарат ұсынылған жағдайда: (1) егер мұндай шешімге дауыс беретін акциялардың көпшілігі дауыс берсе (дәйексіз ақпарат ұсынған акционердің дауыс беретін акцияларын ескермегенде), Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі кворумның болуы жөніндегі талаптар сақталған кезде аталған акционердің дауыстары ескерілмей қабылданды деп есептелетінін; және (2) егер дәйексіз ақпарат берген акционердің дауысы шешуші болса, осы мән-жай Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының тиісті шешімін жарамсыз деп тануға негіз болып табылатынын еске салады.

Байланыс:

Ирина Мартинез (Инвесторлармен investor.relations@airastana.com
байланыс бөлімінің басшысы) +7 727 258 41 36

Қоғам туралы:

«Эйр Астана» АҚ тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. «Эйр Астана» тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 51 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. «Эйр Астана» Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).